

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС-10 Правила обязательного экологического страхования	Издание № 3 от «01» января 2019 г.	Стр. 1 из 13
		Взамен издания № 2 от «14» июля 2018 г.	



Утверждены решением
Совета директоров
АО «СК «Сентрас Иншуранс»
Протокол № 49 от «26».11.2018 г.

ПС-10

**Правила обязательного экологического страхования АО «СК «Сентрас
Иншуранс»**

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Троценко Д.А		23.11.2018

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Директор Департамента страховых выплат	Былин А.А.		22.11.2018
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		23.11.2018
Согласовано	Заместитель Директора Департамента Андеррайтинга	Самойлова Т.В.		22.11.2018

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Специалист 1 категории ОМ	Джумагулов Т.Э.		22.11.2018

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 2- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	3
2-бөлім.Негізгі ұғымдар	3
3-бөлім. Сақтандыру объектісі	4
4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы	4
5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	5
6-бөлім. Экологиялық аудит өткізу.....	5
7-бөлім. Сақтандыру сомасы.	6
9-бөлім. Сақтандыру сыйақысы	6
10-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	6
11-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.....	6
12-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	7
13-бөлім.Зардап шегушінің құқықтары	9
14-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	10
15-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары	10
16-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.....	11
17-бөлім.Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы	12
18-бөлім. Дауларды шешу тәртібі	12
21-бөлім. Ерекше талаптар.....	12

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 3- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

1-бөлім. Жалпы ережелер

- 1.1.** Экологиялық міндетті сақтандырудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.
- 1.2.** Осы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) талаптарына сәйкес бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Сентрас Иншуранс «Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы бұдан әрі Сақтанушылар деп аталатын шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын объект иелерімен Міндетті экологиялық сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасау арқылы міндетті экологиялық сақтандыруды жүзеге асырады.
- 1.3.** Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және/немесе қоршаған ортаға оны апаттық лақтау нәтижесінде келтірілген залалды сақтандыру төлемдерін жасау арқылы өтеу болып табылады.
- 1.4.** Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге, ал Сақтандырушы Шартта көзделген сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтанушыға немесе Шарт пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және Шартпен белгіленген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.
- 1.5.** Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық лақтау нәтижесінде келтірілген залалды өтеу болып табылады.
- 1.6.** Міндетті экологиялық сақтандырудың негізгі қағидаттары:
- 1.6.1. залалдың өтелуінің кепілдігі;
- 1.6.2. тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;
- 1.6.3. қоршаған ортаның апаттық ластануын болдырмауды экономикалық ынталандыру.
- 1.7.** Міндетті экологиялық сақтандыруға шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.
- 1.8.** Шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерінің тізімі уәкілетті органмен белгіленеді.

2-бөлім. Негізгі ұғымдар

- 2.1.** Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:
- 2.1.1. зардап шегуші** – қоршаған ортаны апаттық лақтау нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтірілген тұлға;
- 2.1.2. қоршаған ортаның апаттық ластануы** – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге қызметтерінің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы барысында болған апаттан туындаған және зиянды заттардың атмосфераға тасталуы және (немесе) суға ағызылуы немесе жер үсті, жер асты учаскелерінде қатты, сұйық немесе газ тәрізді лақтаушы заттардың таралуы түрінде қоршаған ортаның кенеттен абайсыз ластануы, немесе иіс, шуыл, діріл, радиацияның қалыптасуы, немесе нақты уақытта ұйғарынды деңгейден асатын электромагниттік, температуралық, сәулелік не болмаса өзге физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер;
- 2.1.3. міндетті экологиялық сақтандыру** – үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға апаттық лақтау нәтижесінде залал келтірілуі салдарынан туындайтын жағдайлар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік орын алған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың заңды мүдделерін мүлктік қорғау бойынша қарым-қатынас кешені;
- 2.1.4. міндетті экологиялық сақтандыру шарты** – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес жасалатын шарт;
- 2.1.5. Пайда алушы** - осы Ережеге және Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 2.1.6. сақтандыру оқиғасы** – орын алған жағдайда Шарт сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 4- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

2.1.7. сақтандыру омбудсманы - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

2.1.8. сақтандыру сомасы –міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы орын алған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома;

2.1.9. сақтандыру сыйақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақшалай сома;

2.1.10. сақтандыру төлемі -сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақшалай сома;

2.1.11. Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметімен айналысу құқығына лицензиясы бар, сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушыға Шартта белгіленген сома шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

2.1.12. Сақтандырылушы- өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

2.1.13. Сақтанушы - шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын, Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;

2.1.14. үшінші тұлғалар - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге қатысатын және мүдделеріне залал келтірілген құқықтық қарым-қатынас субъектілері;

2.1.15. уәкілетті орган–қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

2.1.16. шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген, шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластану нәтижесінде келтірілген залалды өтеу міндеті;

2.1.17. шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлері-жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жүзеге асыруы нәтижесінде қоршаған ортаның апаттық ластануына әкелетін немесе әкелуі мүмкін қызмет.

3-бөлім. Сақтандыру объектісі

3.1. Міндетті экологиялық сақтандырудың объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластану нәтижесінде келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты, шаруашылық және басқа қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын тұлғаның мүліктік мүддесі болып табылады.

4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы

4.1. Шарт бойынша сақтандыру оқиғасы ретінде Сақтанушының үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластану нәтижесінде келтірілген залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу дерегі танылады.

4.2. Сақтандыру оқиғасының орын алуын, сондай-ақ одан келген залалды дәлелдеу Сақтанушының міндетіне жүктеледі.

4.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру оқиғасы Сақтанушымен келтірілген залалды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап орын алған болып есептеледі.

4.4. Сақтандыру төлемінің көлемін Сақтандырушы осы Ереженің 5-бөлімінің 5.2-тармағында көрсетілген ережелерді ескере отырып, Зардап шегушінің (Пайда алушының) талап еткен сомасына немесе келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне байланысты анықтайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 5- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

- 5.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында, өміріне, денсаулығына және мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға залал келтірілуі мүмкін Үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын Шарт негізінде жүзеге асырылады.
- Шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың Шарт жасамай қызметпен айналысуға құқығы жоқ.
- Шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын объектінің иесі біреуден артық болған жағдайда, Шарт олардың кез келгенімен жасалады және сақтандыру полисінде объектінің барлық иелері сақтандырылушылар ретінде міндетті түрде көрсетіледі.
- 5.2.** Сақтанушы шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысқан кезде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға залал келтіруі салдарынан пайда болған жағдайлар бойынша моральдық шығын, айрылған пайда және айыпақы төлеуден басқа сақтандыру төлемін жүзеге асыруы Шартта көзделеді.
- 5.3.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
- 5.4.** Сақтанушының өтініші міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.
- 5.5.** Өтініш мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.
- 5.6.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті сақтандырушы атқарады.
- 5.7.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
- 5.8.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасау үшін өтінім электрондық нысанда берілген кезде, сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.
- 5.9.** Шарт бойынша жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 5.10.** Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру оқиғасы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері көрсетілуі тиіс.
- 5.11.** Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
- 5.12.** Егер сақтандыру міндеті жүктелген тұлға осы Ережеде көзделгенмен салыстырғанда Сақтандырылушының жағдайын нашарлататын талаптарда Шартты орындамаса немесе жасамаса, бұл тұлға сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырылушы алдында тиісті сақтандыру барысындағы сақтандыру төлемі қандай талаптарда орындалуы тиіс болса, дәл сондай талаптарға сәйкес жауапкершілік атқарады.

6-бөлім. Экологиялық аудит өткізу

- 6.1.** Сақтанушы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде келтірілген залалды бағалау үшін экологиялық аудиторларды қатыстыруға құқылы.
- 6.2.** Уәкілетті орган Сақтанушының қоршаған ортаны қорғау нормалары мен ережелерін, экологиялық талаптарды орындауын бағалау үшін экологиялық аудиторларды қатыстыруға құқылы.
- 6.3.** Экологиялық аудит Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 6- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

7-бөлім. Сақтандыру сомасы.

7.1. Сақтандыру сомасының көлемі Шарттағы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, дегенмен сақтандыру сомасының көлемі мына мәндерден кем болмауы тиіс:

7.1.1. Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен Шарт жасалған күні, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген 5000-еселікайлық есептік көрсеткіш;

7.1.2. заңды тұлғамен Шарт жасалған күні, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген 65000-еселікайлық есептік көрсеткіш;

7.1.3. егер Шарт қоршаған ортаға залал келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру бөлігінде ғана жасалған болса, Шарт жасалған күні, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген 17000-еселікайлық есептік көрсеткіш.

9-бөлім. Сақтандыру сыйақысы

9.1. Шарт бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, дегенмен сақтандыру сыйақысының көлемі мына мәндерден кем болмауы тиіс:

9.1.1. Осы Ереженің 7-бөлімінің 7.1.1. және 7.1.2. тармақтарында көзделген жағдайларда, міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан 0,76 пайыздан 2,65 пайызға дейін;

9.1.2. Осы Ереженің 7-бөлімінің 7.1.3. тармағында көзделген жағдайларда, міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан 0,59 пайыздан 2,05 пайызға дейін.

9.2. Шарт бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері Шартпен белгіленеді.

9.3. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

9.4. Кезекті сақтандыру жарнасын дер кезінде төлемегені үшін Сақтанушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіп пен көлемде Сақтандырушыға айыпақы төлеуге міндетті.

10-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

10.1. Шарт осы Ережеге сәйкес Зардап шегуші ретінде танылған тұлғаларға қатысты қолданылады.

10.2. Осы Ереженің 3-бөліміне сәйкес жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жататын Сақтанушы өз жауапкершілігін қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иесі ретінде сақтандырған жағдайда, Шарт тек қоршаған ортаға залал келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру тұрғысынан жасалады.

10.3. Шарт онда көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

10.4. Шарт күшіне енген күннен бастап кемінде **12 (Он екі) айға** жасалады.

10.5. Егер Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

11-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

11.1. Шарт келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

11.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;

11.1.2. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқанда;

11.1.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Шарттың талаптарымен белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде жүзеге асыруы.

11.2. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

11.3. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, Сақтанушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін төмендегі мөлшерлерде қайтарып алуға құқылы:

№ р/с	Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының көлемі (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайызбен)
1	2	3
1.	1 айға дейінқоса алғанда	20
2.	1-ден 2 айға дейінқоса алғанда	30
3.	2-ден 3айға дейінқоса алғанда	40
4.	3-тен 4айға дейінқоса алғанда	50
5.	4-тен 5 айға дейінқоса алғанда	60
6.	5-тен байға дейінқоса алғанда	70
7.	6-дан 7 айға дейінқоса алғанда	75
8.	7-ден 8айға дейінқоса алғанда	80
9.	8-ден 9айға дейінқоса алғанда	85
10.	9-дан10айға дейінқоса алғанда	90
11.	10-нан 11айға дейінқоса алғанда	95
12.	11 айдан астам	100

12-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

12.1.Сақтанушы құқылы:

12.1.1. Сақтандырушыдан міндетті экологиялық сақтандыру шартының талаптарын, өзінің шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

12.1.2. үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластау нәтижесінде келтірілген залалдыңкөлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

12.1.3. Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген залал мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемін есептеу нәтижелерімен танысуға;

12.1.4. шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;

12.1.5. осы Ереженің 19-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

12.1.6. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

12.1.7. осы Ережеде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

12.2. Сақтанушы міндетті:

12.2.1. осы Ережеге сәйкес Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға Шартқаенгізу үшін қажетті, өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардытапсыруға;

12.2.2. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;

12.2.3. Сақтандырушығасақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлауға;

12.2.4. Сақтандырушығасақтандыру оқиғасының орын алуы туралы хабарлауға;

12.2.5. қоршаған ортаның апаттық ластануы жағдайындаықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, соның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қолдануға;

12.2.6. тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) қоршаған ортаның апаттық ластануы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;

12.2.7. сақтандыру оқиғасының орын алуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

12.3. Сақтандырушы құқылы:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 8- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

12.3.1. Шарт жасасу барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан осы Ережеге сәйкес шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде алдыңғы шарттар, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

12.3.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Зардап шегушіге келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

12.3.3. қоршаған ортаның ластану қаупін бағалау үшін қажетті, орын алған сақтандыру оқиғасының себебі, көлемі мен салдары туралы толық әрі шынайы ақпарат алуға;

12.3.4. сақтандыру оқиғасының себептері мен өзге де жағдайларын анықтау үшін Зардап шегушінің (Пайда алушының) зақымдалған (жойылған) мүлкін, қоршаған ортаға келтірілген залал көлемін бағалауға;

12.3.5. үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластау нәтижесінде келтірілген залалдың көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

12.3.6. Сақтанушының сақтандыру оқиғасына дейін және одан кейін жүзеге асырған шаруашылық және басқа қызметтерінің экологиялық қауіпті түрлерінің және қоршаған ортаның жағдайына өз бетімен зерттеу өткізуге;

12.3.7. осы Ереженің 16-бөлімінде көзделген жағдайларда залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын пайдалануға.

12.3.8. осы Ереженің 15-бөлімінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

12.4. Сақтандырушы міндетті:

12.4.1. Сақтанушының міндетті экологиялық сақтандыру шартының талаптарымен, соның ішінде міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға;

12.4.2. мәлімдеушіге тапсырылған құжаттардың толық тізімі мен қабылданған күні көрсетілген анықтама беруге;

12.4.3. Шарт жасасқан кезде Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

12.4.4. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама алған бойда, оны дереу тіркеуге;

12.4.5. Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластау нәтижесінде келтірілген залалдың көлемін бағалауға, сақтандыру төлемінің есептеулері көрсетілген сақтандыру актісін құрып, оны Зардап шегушіге (Пайда алушыға) танысып шығуға ұсынуға;

12.4.6. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

12.4.7. сақтандыру оқиғасының орын алудың дерегін және Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті;

12.4.8. Сақтанушыға сақтандыру оқиғасы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарды өтеуге;

12.4.9. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

12.4.10. сақтандыру төлемін орындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтанушыға **10 (Он) жұмыс күні** ішінде бас тарту себебінің уәждеделген негіздемесін жазбаша түрде жолдауға.

12.4.11. Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (Зардап шегушінің, Пайда алушының) талаптарын қарау және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;

12.4.12. Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 9- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

12.5. Шартта тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

12.6. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етуге міндетті:

12.6.1. міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде сақтанушыға дереу жіберуге;

12.6.2. сақтанушының деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;

12.6.3. Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

12.6.4. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) келелесілерге қажетті ақпаратты электрондық нысанда (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:

12.6.4.1. міндетті экологиялық сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

12.6.4.2. міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

12.6.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама;

12.6.4.4. келтірілген залалдың мөлшеріне бағалау жүргізу;

12.6.4.5. сақтандыру төлемін алу.

12.7. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, егер объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтанушының осы сақтандыру шарты Сақтандырушы ұсынған талаптарда жасалған болып есептеледі.

12.8. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасау барысында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сақтанушы осы Заңмен көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін, сол арқылы оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

13-бөлім. Зардап шегушінің құқықтары

13.1. Зардап шегуші құқылы:

13.1.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысуы нәтижесінде болған сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

13.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;

13.1.3. келтірілген залал көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

13.1.4. Сақтандырушымен немесе тәуелсіз сарапшымен жасалған келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі көлемінің есептеулерімен танысуға;

13.1.5. осы Ереженің 19-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына не міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

13.1.6. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсын пайдаланып, немесе сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге);

13.1.7. Сақтанушыға келтірілген залал сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түсуі мөлшерінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес, осы бөлімнің 12.1-тармағында белгіленген Зардап шегушінің құқықтары Пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға өтеді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 10- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

14-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

14.1. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

14.1.1. Уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте құрылатын құзыретті комиссияның қоршаған ортаның апаттық ластануына алып келген сақтандыру оқиғасының себептері, келтірілген залал ауқымы және салдары туралы актісі;

14.1.2. зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы Денсаулық сақтау ұйымының анықтамасының көшірмесі немесе зардап шегушінің мүгедектігін белгілеу туралы мамандандырылған мекемелердің анықтамасының көшірмесі;

14.1.3. Зардап шегушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және Пайда алушының залалды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі), - Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда;

14.1.4. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығыстарды растайтын құжаттар - олар болған жағдайда;

14.1.5. жекелеген жағдайларда—Сақтанушыны сақтандыру оқиғасының орын алуына және үшінші тұлғаларға залал келтірілуіне жауапты деп таныған және өтелуі тиіс залал көлемі көрсетілген сот шешімі.

14.1.6. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесі және қабылданған күні көрсетілген анықтама беруге міндетті.

14.1.7. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жолдаған жағдайда, сақтандырушы бұл анықтаманы оған электрондық нысанда ұсынуға құқылы.

14.2. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Зардап шегушіден басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

15-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары

15.1. Сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Зардап шегуші (Пайда алушы) Сақтандырушыға жазбаша түрде, сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттармен қоса ұсынады.

Мәлімдеушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық нысанда, сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттармен қоса, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жолдануы мүмкін. Бұл жағдайда электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап мәлімдеушіні сақтандырушыға оның орналасқан жеріне құжаттардың түпнұсқасын тапсыру міндетінен босатпайды.

15.2. Пайда алушы ретінде Зардап шегуші, сондай-ақ Сақтанушы немесе Зардап шегушіге келтірілген залалды осы Ережеде көзделген Сақтандырушының жауапкершілік көлемінің шегінде өтеген және сақтандыру төлемін өтеу құқығын алған басқа тұлға болуы мүмкін.

15.3. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға оны апаттық ластану нәтижесінде келтірілген залал (нақты шығын) көлемінен аспауы тиіс.

15.4. Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемін Сақтандырушы басқа Сақтандыру шарттары бойынша әлеуметтік қамсыздандырудан тиесілі сомаларға қарамастан жасайды.

15.5. Зардап шегушінің жазбаша өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оған қоршаған ортаны апаттық ластану нәтижесінде денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша қызмет көрсеткен тұлғаға тікелей төленуі мүмкін.

15.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушының Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін талаптарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.

15.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 14-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап **30 (отыз) күні** ішінде жүзеге асырады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 11- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

15.8. Сақтандыру төлемінің көлемі Пайда алушымен дауланатын жағдайда, Сақтандырушы осы Ереженің 15-бөлімінің 15.7-тарауымен белгіленген мерзім ішінде сақтандыру төлемін көрсетілген тұлғалардың ешбірімен дауланбаған бөлігінде дереу жүзеге асыруға міндетті.

15.9. Сақтандыру төлемінің дауланған бөлігін Сақтандырушы бітімгерлік келісім жасалған және оның сотпен бекітілген күнінен бастап немесе осы дау бойынша сот шешімі оның дереу орындалуын ұйғармаса, шешім заңды күшіне енген күннен бастап **3 (Үш) жұмыс күні** ішінде төлеуі тиіс.

15.10. Егер сақтандыру оқиғасының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде Зардап шегушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленеді) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы Зардап шегушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініш пен тиісті құжаттар негізінде осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

15.11. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы Зардап шегушіге (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіп пен көлемде айыпақы төлеуге міндетті.

16-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

16.1. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы төмендегідей жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

16.1.1. Пайда алушының қажетті қорғаныс немесе төтенше қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерінен басқа сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

16.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру оқиғасымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

16.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

16.2.1. Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

16.2.2. осы Ережеде көзделген жағдайларды есептемегенде, сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау;

16.2.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәлімет беруі;

16.2.4. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының салдарынан болған залалды азайту бойынша іс-шараларды қасақана қабылдамауы;

16.2.5. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайын тергеуде және келтірілген залал көлемін анықтауда Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

16.2.6. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алғаны үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды тапсырудан бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

16.3. Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы хабарламау немесе дер кезінде хабарламау Сақтанушының еркіне тәуелсіз себептермен шартталса және бұны растайтын тиісті құжаттар тапсырылса, сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға негіз бола алмайды.

16.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап **10 (Он) жұмыс күні** ішінде сақтандыру төлемі туралы талап қоюшыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

16.5. Егер сақтандыру оқиғасы төмендегідей жағдайлардың салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

16.5.1. азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

16.5.2. табиғи сипаттағы төтенше жағдай.

16.6. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	13 беттің 12- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

17-бөлім.Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

17.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленген сома шегінде қайта талап етуге құқығы бар, егер:

17.1.1. Сақтанушының(Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру оқиғасымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықтық бұзушылық ретінде танылған іс-әрекетті орындауы (әрекет жасамауы);

17.1.2. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәлімет беруі;

17.1.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасының орын алғандығы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығын аудару үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға табыстаудан бас тартуы.

17.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығы ауысады.

18-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

18.1. Тараптардың міндетті экологиялық сандардыру шарты бойынша қарым-қатынасынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

19-бөлім.Міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері

19.1.Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) құқылы:

19.1.1.Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет - ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе

19.1.2.міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберу.

19.2.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қарайды және ұсынады.

19.3.Сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының,Зардап шегушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

20-бөлім. Ақпараттық өзара әрекеттестік

20.1.Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері, прокуратура органдары, сақтандыру оқиғасы мен оның салдарының орын алу дерегін растау үшін қажетті ақпаратты білетін өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұл ақпаратты сақтандырушыға, сақтанушыға (пайда алушыға), сақтандыру омбудсманына келген кезде ұсынуға міндетті.

21-бөлім. Ерекше талаптар

21.1. Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікке әкеледі.

Программовано и прошито
13 листа (ов) 26 коды 2018г.
Специалист I категории ОМ
Джумагулов Т.Э.

